



АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫң ҚАЛЫПТАСУЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫң АЛАТЫН ОРНЫ

Muallif: Джамашова Г.А.¹, Барахова Р.К.², Арипбаева Л.Ш.³, Мурзабаева М.А.⁴

Affiliatsiya: Шымкент университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.^{1,2},
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қ.³, Орта Азия инновациялық университеті.⁴ Қазақстан Республикасы,
Шымкент қ.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.14513362>

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады. Бұл қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасы білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты: дүниетанымдық, құзырылық, шығармашылық деп атап көрсетеді. Қоғамда “орындаушы” адамнан гәрі “шығармашыл” адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдей отыр.

“Шығармашылық” сөзінің төркіні “шығару”, “ойлап табу” дегенге саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте “шығармашылық-қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет” деп түсінді-ріледі.

Шығармашылық қабілет бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей баста-ған кезінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын “шығармашылық теориясын” жасауға деген көптеген ізденістерден байқауға болады. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сапа, рухани сана қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Көтеріліп отырған мәселе туралы жазылған ойлар, тұжырымдамалар, көзқарастар, еңбектер барышылық. Бұл ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз: Жүсіп Баласағұн, әл-Фарabi, Абайды ерекше толғандырған. Сондықтан ұлы ойшыл-дар өз еңбектерінде адамның жеке басын, дарындылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған.

И.И.Павловтың жоғарғы жүйке жүйесінің типтері туралы ілімінде адам қабілетінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты екендігі айтылады.



Көрнекті педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С.Макаренконың шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген Мағжан Жұмабаев болатын.

Кеңестік психологтар мен ғалымдар Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, В.А.Крутецкий, Б.М.Тепловтың өз республикамыздың көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, М.М.Мұханов, Ж.М.Әбділдин, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыровтың еңбектерін жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы және практикасының алтын қоры деп білеміз.

Шығармашылық қабілет жайындағы жазылған ойларды, тұжырымдамаларды, еңбектерді талдай келе, адам бойындағы табиғи мүмкіндіктер болады, олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды, әр адам басқа адамнан табиғи психологиялық жағынан ерекшеленеді деген қо-рытындыға келеміз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу, дамыту үшін:

1) балалардың қабілет деңгейі, құрылымы әр алуан болатынын ескеру керек, оны анықтауға психологиялық тестілер, зерттеу, бақылау, дамыту жұмыстары көмектеседі;

2) әр адамда қабілеттің бірнеше түрі болатынын ескере отырып, баланың жетекші қабілетін анықтап, арнаулы жаттығу жұмыстарын жүргізе білген жөн.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың да-муымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан, мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабактың оқу-материалын терең ұғына білуге баулу - мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты.

Осы талаптардың орынды атқарылуында ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлышынысын ұдайы дамытып әрбір өтетін сабағын жаңаша үйимдастырып біліп, оқытуудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана оқушының шығармашылық қабілеті дами түседі.

Мұғалім өзінің сабағын шығармашылықпен үйимдастырып, өтілетін сабактары оқушыларды шығармашылыққа ұмтылуын тудыратындей сұрақтар қамтылып өтілуі тиіс. Мұғалім өтілетін сабактың тақырыбына сәйкес алдын ала жоспарланған сұрақтармен оқушы ынталып, зейінін, ой-қиялдың дамытуға сеп-тігін тигизетіндей болуы керек. Олай болса өтілетін сабактарда тапсырмалардың жауабын табуда, орындауда қойылған сұрақтарға жауабын беруде ой таласын жасау, танымдық ойындар үйимдастыру т.б.

Үстаз еңбегі оқушы білімімен өлшенеді десек, үстаз еңбегінің курделігі әрбір оқушы жүргегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Ол үшін үстаз бойында мынадай қасиеттер болуы керек: мұғалім өз шәкіртінің басқаға ұқсамайтын қасиеттерін аша білу; мұғалім, ой-өрісі кен, жан-жақты

білімдар, өз мамандығының шебері болуы керек; мұғалім үздіксіз өз білімін шындаі тусуі қажет.

Ал ұстаз шәкіртінен мына тәмендегідей қасиеттерді құте білуі керек: оқушы ой-жүйесі өзінің біліміне берік болуы тиіс; оқушыда сабакқа деген құлшының тұрақты болғаны жөн; оқушы білімі, талғамы, барлық пәнге дұрыс көзқараста болған жөн; оқушы білімінің тереңдігі пән аралас байланысты болғаны тиімді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Ұзак жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қо-лынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері бо-йынша белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген баланы шығарма-шылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Кез келген баланың қандай да бір нәрсеге бейімі болады. Бейімдік оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Оқушының өз болмысын тануға қемектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра тұсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабакта және сабактан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау; арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру; логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (анаграмма, сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар, т.б.); белірген тапсыр-маны түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есеп құрастыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру, және т.б.); әңгіменің ұқсастығын салыс-тыру, бөліктеге бөлу, ат қойызу; қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту; ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру; ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру; мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау;

Ал сабактан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамы-тудың, жұмыс түрлері: мұражайға апару, әр түрлі кездесулер өткізу, әр түрлі тақырыптарда пікірталастар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазу, балаларға арналған журнал жаздырып оны сабак кезінде үнемі пайдалану, әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығарма-шылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байыптауға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Сонымен, бала бойындағы дарындылықты тану, оның шығармашылық қабілетін дамыту біздің қазіргі таңдағы негізгі міндеттеріміздің бірі. Өйткені, егемен еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тен болуы үшін оның негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Халқымыз “Басында бұлағы бар өзен ұзак ағады” - деп бекер айтпаған.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR RO'YXATI

Қазтуғанова А.Ж. «Ұлы даланың көне сарындары».– Алматы; «Brand Book», 2019. – 752 б.

Орлова А.О., Кушаков А.Н., Зорин В.В., Худатова З.А. Музикальное искусство в структуре современных образовательных технологий. //



- Сфера знаний в вопросах культуры, науки и образования: Сборник научных трудов. – Казань, 2018. – с.37-40.
- Торопова А.В. Музыкальная психология музыкального образования // Учеб-ник. – Москва, 2018.
- Керімбаева М.С. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудың мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
- Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры: Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 157 б.
- Қасқабасов С. «Қазақ музыкасының антологиясы» 5 том., 2010.
- Заволжанская И.Ю. Обучение игре по слуху как проблема музыкальной педагогики: история и современность. Управление социально-экономическими системами; проблемы, закономерности, перспективы. Монография. – Пенза, 2017. – с.229-237.
- Күзембаева С., Егінбаева Т. Қазақ музыкасы тарихынан лекциялар. – Алматы, «Таймас» баспа үйі, 2005.
- Ташкенбаева С. Эстетикалық тәрбиенің мәні мен мағынасы. – Алматы, 2005.
- Құрманбекова Ж. Эстетикалық тәрбие берудің кейір жолдары. – Алматы, 2007.
- Қазақ өнерінің тарихы. З-томдық (Орта ғасырлар дәуірі. 2-ші том) – Алматы, Өнер, 2007. - 392 б.
- Аринова Г.К. Жаңа мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың кейір мәселелері. «Жаңа мектеп» №2, 2010.
- Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы, 2004.
- Бонфельд М.Ш. – «Введение в музыказнание», Москва, 2001.
- Губашева С.Г. «Тәрбие жұмысының әдістемесі», Алматы, 2004.

